



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2022 жылғы 04 шілде

№4753-22-00-2/733

Маңғыстау ауылы

Маңғыстау облысы, Мұнайлы аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья З.Махитова,
сот отырысының хатшысы Ж.Сейілханова,
ашық сот мәжілісінде дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы
төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Шыны-пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«Шыны-пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің жұмыскерлері :

Жұмабаев Бауыржан Сабырбайұлы, Қалиев Болат Жұманұлы, Суйегов
Айзат Жайықбайұлы, Таганов Хамра Сапаргелдіұлы, Жаманқұлов Еркебұлан
Жұмағалиұлы, Бақтыбаев Аманбек Бақтыбайұлы, Узақбаев Берік
Жылқыбайұлы, Махамбетов Асыланбек Арыстанбайұлы, Ерғалиев Мирас
Машанұлы, Кейкешов Серғали Батырғалиұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

ереуілді заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор Ә.Әбдіқадыр;
талап қоюшы өкілі Б.Бисембаев, А.Көкенов;
жауапкерлер өкілі Т.Ерданов;
жауапкерлер Б.Жұмабаев, Б.Қалиев, А.Суйегов, Х.Таганов,
Е.Жаманқұлов, Б.Узақбаев, А.Махамбетов, М.Ерғалиев, С.Кейкешов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы Баянды ауылы, «Шыны-
пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (одан
әрі - «ШПҚЗ» ЖШС) жұмыскерлері өздерінің сол күнгі жұмыстарын тоқтатып,
2022 жылдың 24 мамыр сағат 08.00-дан бастап ереуіл өткізген.

Жұмыскерлердің ереуілінің талабы:

1. жалақыны 100% ұлғайту,

2. жыл сайынғы 50АЕК мөлшерінде мерекелік сыйақы төлеу,

3. жыл сайынғы еңбек демалысын 1 айлық жалақымен қамтамасыз ету,

4.13-ші жалақыны төлеу,

5. жұмыскерлер арасында кәсіподақ сайлау,

6. әр 3 ай сайын тоқсандық сыйақы төлеу,

7. есеп беру үшін Алматы қаласынан Бақылау Кеңесінің өкілдерінің келуі,

8. ұжымдық шарт беру,

9. ұжым жұмыскерлерін құдаламау,

10. мекемені «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ың құзырына беруді.

Талап қоюшы төмендегі негіздермен сотқа жүгінді:

- 07 ақпан 2022 жылы жұмыскерлердің қойылған барлық талаптары орындалған, ұжымдық шарт жасасу тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі (әрі қарай – ЕК) 14-тарауымен реттелген, ұсынылған ұжымдық шарттың 90% келісілген, тек қана әлеуметтік пакет және материалдық көмек бойынша төлемдерді реттейтін 9-бөлімі ғана келісілмеген, себебі оны орындау едәуір қаржылық жағдайға тәуелді байланыста болғандықтан, ұсынысты бірден қабылдауға мүмкіндік болмаған. Оларды реттеу бойынша түрлі ұсыныстар жасалған. Алайда, жұмыскерлердің өкілдері келіспеушілік хаттамасын жасай отырып, келісілген талаптармен ұжымдық шартқа қол қоюыдан бас тартқанын, яғни ЕК нормаларын бұзған.

Талап қоюшы осы негіздерді көрсетіп, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы Баянды ауылында 2022 жылғы 24 мамырда, сағат 08.00-де басталған «ШПҚЗ» ЖШС жұмыскерлерінің ереуілін заңсыз деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап қоюда көрсетілген уәждерді толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлер талап қоюды мойындамайтынын, жоғарыда көрсетілген талаптарын жұмыс беруші тарапынан толық орындалмағандықтан, жұмысты тоқтататындығы туралы жұмыс берушіні жазба түрде хабарлағанын растап, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкерлердің өкілі Т.Ерданов талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Ә.Әбдіқадыр талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Еңбек кодексінің 163-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ұжымдық еңбек дауы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша осы Кодекстің 164-бабына сәйкес



ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі.

Осы баптың 2-бөлігіне сай, жұмыс беруші жұмыскерлердің қойған талаптарын – оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

ЕК-нің 164-бабының 1-бөлігіне сай, ұжымдық еңбек даулары мынадай реттілікпен шешіледі: жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі (қауымдастығы, одағы), шешу мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша – соттар қарайды.

Осы баптың 2-бөлігіне сәйкес, жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, жұмыскерлер мен жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі (қауымдастығы, одағы) арасындағы келісімдердің, ұжымдық және (немесе) еңбек шарттарының, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша талаптары жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) қалыптастырылады және бекітіледі.

Жұмыскерлер жиналысы, егер оған ұйым жұмыскерлерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Конференция, егер оған хаттамалық шешімдерге сәйкес жұмыскерлер сайлаған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Жұмыскерлер жиналысының (конференциясының) шешімі, егер олар ұсынған талаптарды қатысушылардың кемінде үштен екісі қолдап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Жұмыскерлер жиналысын (конференциясын) өткізу мүмкін болмаған кезде, жұмыскерлердің өкілді органының өзі ұсынған талаптарын қолдауға жұмыскерлердің кемінде үштен екісінің қолтаңбасын жинап, өз шешімін бекітуге құқығы бар.

Жұмыскерлердің өкілдері жұмыс берушімен жұмыскерлер жиналыстарын (конференцияларын) өткізу регламентін, орнын, уақытын, жиналысқа (конференцияға) қатысушылардың санын келіседі.

Осы баптың 3-бөлігінде жұмыскерлердің талаптары жазбаша нысанда жазылуы тиіс екені және жұмыс берушіге, жұмыс берушілер бірлестіктеріне (қауымдастықтарына, одақтарына) жиналыс (конференция) өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн мерзімде жіберілетіні ескерілген.

ЕК-нің 164-бабының 6-бөлігіне сай, жұмыскерлердің талаптарын жұмыс беруші шешуі мүмкін болмаған кезде, олар татуластыру рәсімдері тәртібімен қаралады.



Істің мән-жайына қарағанда, 09 ақпан 2022 жылы жұмысберуші жұмыскерлерге татуластыру рәсімдерін жүргізу үшін екіжақты татуластыру комиссиясын құрған, келісу комиссиясының хаттамасына сай жұмыскерлердің 7 және 10 тармақтарын орындалуынан бас тартып, қалған барлық мәселелер бойынша екі жақты қолайлы шешімге қол жеткізіп, хаттамаға қол қою арқылы ұжымдық еңбек дауы тараптардың татуласуымен аяқталған.

Жұмыс беруші - «ШПҚЗ» ЖШС 04 мамыр 2022 жылғы № 01-04-22/401 ілеспе хатпен «ШПҚЗ» ЖШС келісілген бөліктерінде қолы қойылған ұжымдық шартты және 9-бөлім бойынша келіспеушіліктер хаттамасын жұмыскерлердің өкілдерінің атына жолданған. Аталған құжаттар 18 мамыр 2022 жылы жұмыскерлердің өкілдеріне қайта табыс етілген. Алайда жұмыскерлер заң талаптарына сай ұжымдық шартқа қатысты келісімге келген бөлігінде (9 баптан басқа бөлігінде) қол қоюға міндетті бола тұра, оған қол қоюдан бас тартқан, жолданған ұсынысты орындаусыз қалдырған.

Осы орайда, талап қоюшының ұжымдық шарттың 9-бөлімінің талаптарын бірден сөзсіз қабылдау мүмкін болмағаны, бұл талаптың экономикалық негізділігін анықтау едәуір уақыт пен сараптама жүргізуді қажет етеді, ал, жұмыскерлердің ондай мүмкіндік бермей бірден ереуілге шығуы заңсыз екені жөніндегі уәжін сот орынды деп бағалайды.

ЕК-нің 171-бабының 1-бөлігіне сай, егер татуластыру рәсімдері арқылы ұжымдық еңбек дауын шешуге қол жеткізілмесе, сондай-ақ жұмыс беруші татуластыру рәсімдерінен жалтарған не ұжымдық еңбек дауын шешу барысында қол жеткізілген келісімді орындамаған жағдайларда, жұмыскерлер ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады.

ЕК-нің 172-бабының 2 бөлігіне сәйкес, жұмыскерлер уәкілеттік берген орган ереуілдің басталуы және болжамды ұзақтығы туралы жұмыс берушіге, оны жариялағанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуге тиіс.

09 ақпан 2022 жылы ұжымдық шарттың негізгі ережелері ұжымдық келіссөздер жүргізу жөнінде комиссия шешімі қабылданып бекітілгеніне қарамастан, «ШПҚЗ» ЖШС жұмыскерлері 16 мамыр 2022 жылғы №12 хатымен ереуіл өткізілетіні хабарлап, 24 мамыр 2022 жылы сағат 08.00-де ереуілге шығып, ұжымдық шарттың 9-бөлімінің талаптарын сөзсіз қабылдауын, зауытты жабуын, оны «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на қосу туралы жаңа талап қойған. Жұмыскерлердің жаңа талаптар қою рәсімі еңбек заңнамасына сай жүргізілуі тиіс болған. Алайда, жұмыскерлер еңбек туралы заңның ешқандай талаптарын сақтамай, ереуілде жаңа талаптар қойған.

Сонымен қатар, жұмыскерлер жұмыс берушіге ереуіл өткізілетіні туралы хабарламада оның орны, уақыты, ұзақтығы жөнінде, ереуіл өткізу кезеңінде орындалатын қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемі жөніндегі ұсыныстарын көрсетпеген.



Жоғарыда баяндалған мән-жайлар іске тіркелген жұмысберушінің хаттарымен, актілерімен және хаттамаларымен бекітілген, яғни жазбаша дәлел сипатына ие болған.

Керісінше, жұмыскерлер өз тарапынан осы мән-жайларды теріске шығаратын ешқандай дәлел келтірмеген.

ЕК-нің 176-бабының 1-бөлігінің 3 тармағына сай, осы Кодексте көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар ескерілмей жарияланған жағдайда ереуілдер заңсыз деп танылады.

Сот шешімді тараптар ұсынған және сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді, алайда жауапкерлер сот мәжілісінде өз әрекеттерінің заңдылығын негіздейтін нақты деректер мен дәлелдемелер сотқа ұсынған жоқ.

Істің мұндай тұрғысында, сот жоғарыда анықталған мән-жайларға және аталған құқықтық қатынасты реттейтін заң нормаларына сәйкес, ереуіл заңсыз өткізілген деп танылуға, ал «ШПҚЗ» ЖШС-нің талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

ҚР АПК-нің 243-бабының 5-тармағына сай, ереуілді заңсыз деп тану туралы шешім дереу орындалуға жатады.

Талап қоюшы мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылған, осы орайда ҚР АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады, яғни жауапкерлерден баж салығы үлестік тәртіпте мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шыны-пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ереуілді заңсыз деп тану туралы талап қоюы— қанағаттандырылсын.

Маңғыстау облысы Баянды ауылы, Іле шаруа қожалығы көшесі 100 – құрылыс мекен жайындағы «Шыны-пластикалық құбырлар зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында Жұмабаев Бауыржан Сабырбайұлы, Қалиев Болат Жұманұлы, Суйегов Айзат Жайықбайұлы, Таганов Хамра Сапаргелдіұлы, Жаманқұлов Еркебұлан Жұмағалиұлы, Бақтыбаев Аманбек Бақтыбайұлы, Узақбаев Берік Жылқыбайұлы, Махамбетов Асыланбек Арыстанбайұлы, Ерғалиев Мирас Машанұлы, Кейкешов Серғали



Батырғалиұлының 2022 жылғы 24 мамыр сағат 08:00-де басталған ереуілі - заңсыз деп танылсын.

Ереуілді заңсыз деп тану туралы шешім дереу орындалсын.

Жауапкерлер Жұмабаев Бауыржан Сабырбайұлынан, Қалиев Болат Жұманұлынан, Суйегов Айзат Жайықбайұлынан, Таганов Хамра Сапаргелдіұлынан, Жаманқұлов Еркебұлан Жұмағалиұлынан, Бақтыбаев Аманбек Бақтыбайұлынан, Узақбаев Берік Жылқыбайұлынан, Махамбетов Асыланбек Арыстанбайұлынан, Ерғалиев Мирас Машанұлынан, Кейкешов Серғали Батырғалиұлынан үлестік тәртіпте мемлекет пайдасына баж салығы 1 531 (бір мың бес жүз отыз бір) теңге өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Мұнайлы аудандық соты арқылы АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып берілуі мүмкін.

Судья

З.Махитова

Көшірмесі дұрыс.

Судья

З.Махитова

Шешім заңды күшіне «_____» «_____» 2022 жылы енді.

Судья

З.Махитова

